

Бесқарағай ауданындағы шалғай елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 119 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 25 мамырда № 5037 болып тіркелді. Күші жойылды - Абай облысы Бесқарағай ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 22 қазандағы № 262 қаулысы

Ескерту. Күші жойылды - Абай облысы Бесқарағай ауданы әкімдігінің 22.10.2025 № 262 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен қолданысқа енгізілсін).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 2-тармағына, "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 14-бабы 3-тармағының 3-1) тармақшасына, "Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 349 бұйрығына (мемлекеттік тіркеу Реестрінің нормативтік-құқықтық актілерінде 11550 нөмірімен тіркелген) сәйкес, Бесқарағай аудандық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Осы қаулының 1, 2 қосымшаларына сәйкес Бесқарағай ауданының шалғай елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен тәртібі бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Бесқарағай ауданы әкімінің
міндетін атқарушы*

Е. Рахметуллин
Бесқарағай аудандық әкімдігінің
2017 жылғы "24" сәуірдегі
№ 119 қаулысына 1-қосымша

Бесқарағай ауданындағы шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы

№	Тура бағыт	Кері бағыт
1	Қарабаш кардоны "Семей орманы" МОТР РММ Канонерка филиалы Джемур орман шаруашылық кеңсесі маңындағы алаңы; Аялдама: Бесқарағай ауылы Елистратов көшесі "Үлкен Владимировка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң; Қарабашкардон "Семей орманы" МОТР РММ Канонерка филиалы Джемур орман шаруашылық кеңсесі маңындағы алаңы; Аялдама: Бесқарағай ауылы Партизан көшесі "Борас орта мектеп-бақшасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаңы.	Аялдама: Бесқарағай ауылы Партизан көшесі "Борас орта мектеп-бақшасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң; Қарабаш кардон "Семей орманы" МОТР РММ Канонерка филиалы Джемур орман шаруашылық кеңсесі маңындағы алаңы; Аялдама: Бесқарағай ауылы Елистратов көшесі "Үлкен Владимировка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң; Қарабаш кардоны "Семей орманы" МОТР Канонерка филиалы Джемур орман шаруашылық кеңсесі республикалық мемлекеттік мекемесінің маңындағы алаңы.
2	"Семей орманы" МОТР РММ Беген орман шаруашылық кеңсесі; Аялдама: Беген ауылы "Беген орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаңы.	Аялдама: Беген ауылы "Беген орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң; "Семей орманы" МОТР РММ Беген орман шаруашылық кеңсесі.
3	Лесной ауылы 2 квартал орталық көшесінен; Аялдама: Жетіжар ауылы "Семиар орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаңы.	Аялдама: Жетіжар ауылы "Семиар орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң; Лесной ауылы 2 квартал орталық көшесі.
4	Қара-Мырза ауылы Боровая көшесі "Қара-Мырза негізгі мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі алаңынан; Аялдама: Канонерка ауылы "Канонерка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаңы.	Аялдама: Канонерка ауылы "Канонерка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаңы; Қара-Мырза ауылы Боровая көшесі "Қара-Мырза негізгі мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі алаңынан.
5	Бөкебай ауылы "Семей орманы" МОТР РММ Бөкебай орман шаруашылық кеңсесінен; Аялдама : Қарағайлы ауылы "Баймұратов Нурлыбек атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаңы.	Аялдама: Қарағайлы ауылы "Баймұратов Нурлыбек атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаңы; Бөкебай ауылы "Семей орманы" МОТР РММ Бөкебай орман шаруашылық кеңсесіне.
	Черемушка ауылы бұрынғы мектептің маңындағы алаң; Аялдама: Мостик ауылы "Мостик	Аялдама: Мостик ауылы "Мостик орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің

6	орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаңы.	алдындағы алаң; Черемушка ауылы бұрынғы мектептің маңындағы алаң
7	Доңгелек кардоны "Семей орманы" МОТР Доңгелек орман шаруашылық кеңсесі; Аялдама: Өндіріс ауылы "Өндіріс орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаңы.	Аялдама: Өндіріс ауылы "Өндіріс орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң; Доңгелек кардоны "Семей орманы" МОТР Доңгелек орман шаруашылық кеңсесіне.
	Бірлік ауылындағы бұрынғы бастауыш мектебінен; Аялдама: Глуховка ауылы "Глуховка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң; Стеклянка ауылы Революция көшесі "Камалхан" дүкенінен; Старая Крепость ауылы Центральная көшесінің аялдамасынан; Центральная көшесінің шетіндегі киосктан 50 метр; аялдамадан Орленок саяжайы; аялдамадан "Подхоз" шаруа қожалығы; Аялдама: Глуховка ауылы "Глуховка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаңы.	Аялдама: Глуховка ауылы "Глуховка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң; аялдамадан "Подхоз" шаруа қожалығы; аялдамадан Орленок саяжайы; Старая Крепость ауылы Центральная көшесінің аялдамасынан; Стеклянка ауылы Революция көшесі "Камалхан" дүкенінен; Центральная көшесінің шетіндегі киосктан 50 метр; Аялдама: Глуховка ауылы "Глуховка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң; Бірлік ауылындағы бұрынғы бастауыш мектебіне.
	Морозовка орман шаруашылығы "Семей орманы" МОТР РММ Морозовка орман шаруашылық кеңсесінен; Аялдама: Ерназар ауылы "Сосновка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаңы.	Аялдама: Ерназар ауылы "Сосновка орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің алдындағы алаң; Морозовка орман шаруашылығы "Семей орманы" МОТР РММ Морозовка орман шаруашылық кеңсесіне.

Бесқарағай ауданы әкімдігінің
"24" сәуірдегі 2017 жылғы
№ 119 қаулысына 2-қосымша

Бесқарағай ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың тәртібі

1. Балаларды тасымалдау тәртібі

1. Балаларды тасымалдау жолаушылар мен багажды автомобиль көлігімен тасымалдау заңнамасының талаптарына сәйкес жабдықталған автобустармен, шағын автобустармен жүзеге асырылады.

2. Ұйымдасқан балалар тобын тасымалдау кемінде екі есігі бар, техникалық жай-күйі Автомобиль көлігімен жолаушыларды және багажды тасымалдау

ережелерінде белгіленген талаптарға сай келетін автобустармен жүзеге асырылады.

3. Ұйымдасқан балалар тобын тасымалдауға арналған автобустар сары түсті шұғылалы шырақшамен жабдықталуға тиіс.

4. Бұл автобустардың алдына және артына "Балалар тасымалы" деген тану белгісі орнатылуға тиіс.

5. Балаларды тасымалдаушы (бұдан әрі – Тасымалдаушы) жолаушылар мен багажды тасымалдауға заңнаманың талаптарын сақтаумен өзіне тиесілі автобустарды, шағын автобустарды тасымалдау үшін пайдаланатын білім беру ұйымы болып табылады.

6. Тасымалдаушы тасымалдауды орындау алдында бұйрықпен балалардың тасымалдауын ұйымдастыру туралы шешімді ресімдейді, онда жүргізушінің, еріп жүрушілердің міндеттерін, жүру маршрутын және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар регламенттелінеді.

7. Тасымалдау қауіпсіздігіне қатер төндіретін жол және метеорологиялық жағдайлардың қолайсыз өзгеруі кезінде, автобустардың қозғалысын уақытша тоқтату туралы қолданыстағы нормативтік құжаттарда көзделген жағдайда Тасымалдаушы рейсті алып тастауға және бұл туралы тасымалданатын балаларға дереу хабарлауға тиіс.

8. Жол жағдайларының қолайсыз өзгеруі кезінде, басқа жағдайлар кезінде (қозғалысқа шек қою, уақытша кедергілердің көрінуі, бұл жағдайда жүргізуші кестеге сәйкес жылдамдықты жоғарылатпай жүре алмайды), кесте жылдамдықты төмендету жағына (қозғалыс уақыттарының артуына) түзетілген болуы тиіс.

9. Тасымалдаушы балаларды тасымалдайтын әрбір автобуска өз қызметкерлерінің санынан алғашқы дәрігерлік көмек көрсету әдістері бойынша дайындықтан және балаларды автобуспен тасымалдау кезінде қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша арнайы нұсқамадан өткен жауапты еріп жүруші адамдарды белгілейді.

10. Нұсқаманы жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге немесе тасымалдаушыға тиесілі көлік құралдарын пайдалануға жауапты адам жүргізеді.

11. Балаларды тасымалдау үшін мынадай жүргізушілерге рұқсат етіледі:

1) жасы жиырма бес жастан кем емес, тиісті санаттағы жүргізуші куәлігі және жүргізушінің бес жылдан кем емес жұмыс өтілі бар;

2) автобустың жүргізушісі ретіндегі кемінде соңғы үш жыл үздіксіз жұмыс өтілі бар;

3) соңғы жылдары еңбек тәртібін және қозғалысы ережесін өрескел бұзбаған.

12. Балаларды тасымалдау кезінде автобустың жүргізушісіне рұқсат етілмейді

:

1) сағатына 60 км артық жылдамдықпен жүруге;

- 2) жүру маршрутын өзгертуге;
- 3) балалар бар автобус салонында қол жүгі мен балалардың жеке заттарынан басқа кез келген жүкті, багажды немесе мүкәммалды тасымалдауға;
- 4) автобуста балалар болған кезінде, соның ішінде балаларды отырғызу және түсіру кезінде автобус салонынан шығуға;
- 5) автомобиль легінде жүру кезінде алда жүрген автобусты басып озуға;
- 6) автобуспен артқа қарай қозғалысты жүзеге асыруға;
- 7) егер ол көлік құралының өздігінен қозғалуын немесе оны жүргізуші жоқ болғанда пайдалануын болдырмау шараларын қолданбаса, өз орнын тастап кетуге немесе көлік құралын қалдыруға.

13. Еріп жүруші отырғызу (түсіру) аяқталғаны туралы хабар бергеннен және автобус есіктері толық жабылғаннан кейін жүргізушіге отырғызу (түсіру) орнынан автобус қозғалысын бастауға рұқсат етіледі.

14. Көлік құралы жақындаған кезде еріп жүрушілер балалардың оның алдынан шығуына және жүру бөлігінде болуына жол бермейді.

15. Еріп жүрушілер балаларды отырғызу орнына ұйымдасқан тәртіпте (кішібалаларды–екі-екіден сапқатұрғызып) жеткізеді. Отырғызу автобустың алдыңғы есігі арқылы жүргізіледі.

16. Еріп жүрушілер автобуска отырғызу және одан түсіру, автобус қозғалысы кезінде және аялдау уақытында балалар арасында тиісті тәртіпті қамтамасыз етеді.

17. Балаларды автобуска отырғызу еріп жүрушілердің басшылығымен және жүргізушінің бақылауымен автобус толық тоқтағаннан кейін отырғызу алаңында жүргізіледі.

18. Сапар кезінде еріп жүрушілер балалардың:

- 1) салонда тұруына және жүруіне;
- 2) есіктер мен терезелерге жантаюына;
- 3) жоғарғы сөрелерге ауыр және орнықсыз заттарды қоюына;
- 4) қол жүгін өту жолдарына және кіреберістегі (шығаберістегі) алаңдарда орналастыруына;
- 5) терезе ойықтарынан бастарын шығаруына;
- 6) терезеден қоқысты және қандай болса да өзге заттарды тастауға;
- 7) жазатайым жағдайдың алдын алуға бағытталған жолаушылардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретін ахуал туралы хабарламалардан басқа жүргізушіні көлік құралын басқарудан алаңдатуына;
- 8) жолаушылардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндірмейтін жағдайларда авариялық жабдықтарды пайдалануына;
- 9) есіктерді ашуына;
- 10) төбелесуіне, итерісуіне, қимыл ойындарын ойнауға;

11) шылымшегуге, сіріңке, оттықжағуға;

12) спирттік ішімдіктерді ішуіне, есірткі, психотропты және улы заттарды қабылдауына жол бермейді.

19. Тұрақтау (аялдау) кезінде балаларды автобустан шығару алдыңғы есік арқылы жүзеге асырылады. Автобустан бірінші болып еріп жүруші шығады. Тұрақтау (аялдау) кезінде еріп жүруші автобустың алдыңғы бөлігінде тұруы және балалардың түсуін және содан кейін балалардың жолдың жүру бөлігіне жүгіріп шықпауын бақылау қажет.

20. Автобустан шыққанда әрбір бала жеке заттарын бір қолымен көтеріп, ал екінші қолымен баспалдақтардан түскенде тұтқадан ұстауы тиіс. Тепе-теңдікті жоғалтпау және өзге жолаушыларды жарақаттандырмау үшін иықпен көтеріп жүретін рюкзактар мен сөмкелерді оқушылар иықтан шешіп, қолдарына алулары тиіс.

21. Түсірген кезде еріп жүрушілер балалардың:

1) есікке қарай қозғалғанда төбелесуіне, итерісуіне;

2) баспалдақтардан секіруіне;

3) көлік құралын жолдың жүргінші бөлігінен айналып өтуіне, оған шығуына;

4) жүргінші бөліктің маңында қимыл ойындар ойнауына жол бермейді.

22. Түсіргеннен кейін еріп жүрушілер:

1) жеткізу орнына келген балаларды санап шығуға;

2) ұйымдасқан түрде оларды түсіру орнынан және автобустардың тұрақтау алаңшаларынан еріп жүру;

3) түсіру орнынан жаяу жүрген кезде олардың Жол жүру ережесімен жаяу жүргіншілерге қойылатын талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді.

2. Қорытынды ережелер

23. Қаланың шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдау бойынша осы тәртіппен реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.